**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print)**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

# ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

# THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
Abai Kazakh National Pedagogical University

PUBLISHED SINCE 1944

**6** (400)

NOVEMBER – DECEMBER 2022

ALMATY, NAS RK

**БАС РЕДАКТОР:**

**ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы,** филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

**БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:**

**БИЛЯЛОВ Дархан Нұрланұлы,** PhD, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан), **H = 2**

**ҒАЛЫМ ХАТШЫ:**

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **H = 2**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **H = 5**

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **H = 6**

**ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **H=2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **H = 4**

**СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыб**екқызы**,** экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **H = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **H = 3**

**БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **H = 2**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **H =2**

**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна,** экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **H = 3**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген
**№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.
Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*
Мерзімділігі: жылына 6 рет.
Тиражы: 300 дана.
Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2022

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:**

**ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Канседтович,** доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

**ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:**

**БИЛЯЛОВ Дархан Нурланович,** PhD, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального педагогического университета им. Абая (Алматы, Казахстан), **H = 2**

**УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:**

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **H = 2**

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович,** доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **H = 5**

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович,** доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **H = 6**

**ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна,** доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **H = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич,** доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **H = 4**

**СЕМБИЕВА Ляззат Мыктыбековна,** доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **H = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна,** доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **H=3**

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна,** доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **H = 3**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **H=2**

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна,** доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **H = 3**

**«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан **№ 16895-Ж,** выданное 12.02.2018 г.
Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*
Периодичность: 6 раз в год.
Тираж: 300 экземпляров.
Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2022

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

**EDITOR IN CHIEF:**

**TUIMEBAYEV Zhanseit Kanseitovich**, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

**DEPUTY CHIEF DIRECTOR:**

**BILYALOV Darkhan Nurlanovich,** Ph.D, Honorary Member of NAS RK, Rector of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

**SCIENTIFIC SECRETARY;**

**ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

**EDITORIAL BOARD:**

**SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich,** Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich,** Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 6**

**LUKYANENKO Irina Grigor'evna**, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

**SHISHOV Sergey Evgen'evich,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 4**

**SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova,** Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

**ABILDINA Saltanat Kuatovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

**BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarin (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

**YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna,** Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3.**

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of
a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications
of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж,** issued on 12.02.2018.
Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*
Periodicity: 6 times a year.
Circulation: 300 copies.
Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2022

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
Volume 6, 23-36
https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.387

МРНТИ 14.35.09

**Г. Акан[1*], С.К. Рахимжанова[2], С.К. Серикова[2]**

[1]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан.
E-mail: g.akhan822@gmail.com

# ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ШЕТ ТІЛДІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДА ІЗГІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Аннотация.** Білім – ғылыми білім жүйесін және танымдық дағдылар мен шеберліктерді меңгеру, оның негізінде тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру, шығармашылық әлеуеті мен қабілеттерін дамыту үдерісі мен нәтижесін көрсетеді. Жоғары оқу орындарында білім алушы өз мамандығы бойынша білімді игерумен қатар, парасатты, жан-жақты құзыретті, шетел тілін меңгерген тұлға болуы керек. Жоғары оқу орындарындағы оқыту – студенттердің кәсіптік білім, дағдыларды меңгеруінің, шығармашылық қабілеттерінің дамуы, студенттердің өздігінен мамандықты меңгеруіне қажетті дүниетанымы мен жеке қасиеттерінің қалыптасуы бойынша белсенді оқу-танымдық іс-әрекеттерін басқарудың мақсатты үдерісі саналады.

Жоғары оқу орындарында оқыту мақсаты – болашақ мамандардың табиғат пен қоғамның басты құбылыстарын түсінуі үшін қажетті ғылымдардың негізін меңгеру болып табылады. Білім мен іскерлік, шығармашылық қызмет пен дүниеге эмоционалды құндылықтар көзқарасы тұрғысынан қарау арқылы іске асатын адамзаттың әлеуметтік мәні бар тәжірибесін меңгеру, жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі мен даму үдерісі негізінде маманның қоғамдық және еңбек қызметіне араласуын талап етеді. Оқытушы мен студенттің өзара қарым-қатынасы барысында білім, тәрбие, дамуды жүзеге асыра отырып, кәсіптік бағытта және әлемдік, қоғамдық сұраныс талаптарына жауап бере алатын тұлғаны қалыптастыру үдерісін айтамыз.

**Түйін сөздер:** тұлға, кәсіптік білім, студент, шетел тілі, мотив, дағдылар, оқыту үдерісі, тәрбие, мінез-құлық, қалыптастыру.

**Г. Акан[1*], С.К. Рахимжанова[2], С.К. Серикова[2]**

[1]Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан;
[2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан.
E-mail: g.akhan822@gmail.com

# ФОРМИРОВАНИЕ ДОБРОДЕТЕЛЬНЫХ ХАРАКТЕРОВ У СТУДЕНТОВ ПУТЕМ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ В ВУЗЕ

**Аннотация**. Образование – это процесс и результат овладения системой научных знаний и познавательных навыков и умений, формирования на ее основе мировоззрения человека, развития творческого потенциала и способностей. Помимо овладения знаниями по своей специальности, студент вуза должен быть интеллигентным, всесторонне компетентным, человеком, владеющим иностранным языком. Преподавание в высших учебных заведениях рассматривается как целенаправленный процесс управления активной учебно-познавательной деятельностью по профессиональному воспитанию студентов, развитию умений, развитию творческих способностей, формированию мировоззренческих и личностных качеств, необходимых студентам для самостоятельного освоения своей профессии.

Целью обучения в высших учебных заведениях является овладение основами науки, необходимыми будущим специалистам для понимания основных явлений природы и общества. Образование и предпринимательство, творческая деятельность и приобретение общественно значимого опыта человечества, реализуемые через взгляд на мир с точки зрения эмоциональных ценностей, требует вмешательства специалиста в общественно-трудовую деятельность, основанную на процессе самосовершенствования и развитие личности. Мы имеем в виду процесс формирования личности, способной реагировать на запросы мира и общества в профессиональной направленности при осуществлении воспитания, обучения и развития в ходе взаимоотношений преподавателя и студента.

**Ключевые слова:** личность, профессиональное образование, студент, иностранный язык, мотив, умения, учебный процесс, воспитание, поведение, формирование.

**G. Akhan[1*], S. Rakhimzhanova[2], S. Serikova[2]**

[1]Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan;
[2]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: g.akhan822@gmail.com

# FORMATION OF VIRTUE CHARACTERS IN STUDENTS THROUGH TEACHING A FOREIGN LANGUAGE IN HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS

**Abstract.** Education is the process and result of mastering the system of scientific knowledge and cognitive skills and abilities, forming the worldview of a person based on it, developing creative potential and abilities. In addition to mastering knowledge in his specialty, a student at higher educational institutions should be intelligent, comprehensively competent, and a person who knows a foreign language. Teaching in higher educational institutions is considered a targeted process of management of active educational and cognitive activities for students' professional education, development of skills, development of creative abilities, formation of worldview and personal qualities necessary for students to learn their profession by themselves.

The purpose of education in higher educational institutions is to master the fundamentals of science necessary for future specialists to understand the main phenomena of nature and society. Education and business, creative activity and the acquisition of socially significant experience of humanity realized by looking at the world from the point of view of emotional values, requires the intervention of a specialist in social and labor activities based on the process of self-improvement and development of an individual. We mean the process of forming a person who can respond to the demands of the world and society in a professional direction while carrying out education, training, and development in the course of mutual relations between the teacher and the student.

**Key words:** personality, professional education, student, foreign language, motive, skills, teaching process, education, behavior, formation.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа кезеңге өту жағдайында кәсіптік білікті болашақ маман даярлауда, олардың жоғары білім сапасының деңгейін қамтамасыз ету күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақстанда жоғары оқу орындарында оқыту жүйесі, оқытудың дидактикалық шарттары, оқу-тәрбие үдерісі жайлы ғалымдардың ғылыми еңбектері айтарлықтай. Алайда, жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытуда болашақ мамандардың кәсіптік даярлығын қалыптастыру мәселесіне жете көңіл бөлінбегендігі, шетел тілінің пән ретінде, атап айтсақ, шетел тілінің әлеуметтік-экономикалық, сауда мен білім беру, туризм, тіл және әдебиет салаларындағы маңыздылығын жете түсінбеуі, шетел тілі пәнінің жан-жақты мүмкіндіктері

жете қарастырылмағандығы анықталды. Сондықтан бұл мәселені мақсатты түрде шешу үшін, жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытудың әдіс-тәсілдерін дамыту, шетел тілі пәнінің мүмкіндіктерін, оның жолдарын жете зерттеп, талдау қажеттілігі туындайды. Қазіргі замандағы гуманитарлық мамандық иесі, қазақ тілі және әдебиеті, орыс тілі және әдебиеті, юрист мамандары ғылыми білім жүйесімен толық қаруланып қоймай, шетел тілін, оның ішінде ағылшын тілін меңгеруі бүгінгі күннің қажеттілігі.

Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытудың әлеуметтік мәні, оның пән ретіндегі ерекшеліктері, функциялары мен аспектілері және шетел тілін оқыту әдістемесі жайлы педагогика, психология, лингвистика салаларының маңызды тұжырымдары; жоғары мектеп дидактикасын зерттеген, ағылшын тілін оқыту әдістерін зерттеген ғалымдар еңбектері; мемлекеттік білім беру бағдарламалары мен тұжырымдамалары; таным теориясы, дамыта оқыту теориясы, сана мен іс-әрекеттің бірлігі теориясы, ақыл-ой әрекетін кезеңдер бойынша қалыптастыру теориясы.

XXI ғасырдағы Қазақстан Республикасы білім жүйесінің негізгі мақсаты білім, шеберліктер мен дағдылардың жиынтығы ғана емес, соларға негізделген жеке, әлеуметтік және кәсіби құзіреттілік – өздігінен табу, қорытындылау іскерлігі мен ақпаратты сауатты, басым шешімдер қабылдау үшін жүйелі қолдана білу, күнделікті өзгеріп жатқан әлемде үнемді және мақсатты өмір сүре білу болып табылады. Мұның өзі болашақтың маманына күрделі ғылыми-техникалық, экономикалық және гуманистік мәселелерді шешу үшін, еліміз бүкіләлемдік қауымдастықта лайықты орын алу үшін қойылып отырған уақыт талабы. Жоғары оқу орындарында оқыту, шетел тілін оқыту үдерісі педагогика, психология, лингвистика ғылымдарының педагог-зерттеушілерінің жетекші, озық, дәстүрлі идеялары мен тұжырымдары негізінде, бүгінгі күн талабына сай тікелей байланыста жүзеге асады.

Педагогика «... адамның денесін һәм жанын дұрыс тәрбие қылу жолдарын үйрететін пән» және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім – тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі, оның мақсаты – қоғам мүшелерінің жоғары деңгейлі адами, интеллектуалды, мәдениетті, дене дамуына және кәсіптік құзіреттілігіне қол жеткізуді» зерттейтін пән делінген. Мақсатты ұйымдастырылған педагогикалық үдерісте жеке тұлғаны тәрбиелеу мен оған білім беруге қатысты педагогиканың ғылыми деректері жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытуда болашақ мамандардың кәсіптік даярлығын қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісіне де тікелей қатысты.

Педагогикалық үдерісте жоғары оқу орындарында оқу процесінің басты тұлғасы – студент және студенттің танымдық іс-әрекеттері, тәрбиесі болып табылады. Әбу Насыр әл-Фараби білімді болу деген сөз, белгісіз нәрсені ашу қабілетіне ие болу деген сөз, білімді адам көп нәрсені біледі және қабілеті, дарыны арқылы басқа белгісіз нәрселерді өз бетінше аша алады. Парасаттылық, зиялылық адамға өзінен өзі келмейді. Ол ұлан-ғайыр еңбек сіңіріп, ғылым-біліммен молынан сусындаған, имандылық қасиеттерді бойына сіңірген кісіге

қонады деген. Ғұлама ғалымның оқу-білім, тәлім-тәрбие мәселелері жайлы айтқан пікірлері тұлғаны ізгілік қасиеттерге баулу мәселесіне келіп тіреледі.

Тәлім-тәрбиелік, моральдық-этикалық, патриоттық, музыкалық-эстетикалық тәрбие мәселелері жөнінде құнды ой-пікірлер Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» атты шығармасында қарастырылады. Тәрбие, сөз өнері, шешендік қасиет, от басындағы бала тәрбиесінде ата-ананың рөлі, адамның мінез-құлқы, оның қоғамдағы орны туралы сөз қозғай келе, Жүсіп Баласағұни ғылым-білімнің мәнін тереңнен толғайды: «Өмірдегі барлық жақсылық білімнен шығады», «Білім – бұл қолдағы шырақ», «Өмірмен жанасқан білім – бұл өлшеусіз байлық». Ол «Құтты білік» дастанында тәрбие, ғылым-білімнің адам өмірінде шешуші рөл атқаратынын, «еңбектеген баладан еңкейген кәріге» дейін білім алуға шақырған (Ыбыраева, 2002).

**Әдістеме.** Жоғары оқу орындарында оқыту арқылы білімді адам бойындағы ізгілік қасиеттерді қалыптастыру, «Өмірмен жанасқан білім», тәрбие жайлы құнды ой-пікірлер аталған ғалым-философтардың еңбектерінен бастау алады.

Я.А. Коменский өзінің «Әлемдегі лабиринт және жүректегі жұмақ» атты еңбегінде жастардың өмір тәжірибесіндегі қажеттіліктерден алшақ білімін былайша сынға алады: «...мен есеп білмейтін, өлшеу білмейтін, шетел тілдерінде сөйлей алмайтын, жұлдыздарды ата десе атай алмайтын, өз тілінде сөз сөйле десе сөйлей алмайтын, тіпті оқи да, жаза да алмаған магистрлерді көрдім. Бұл жеті ғылымның магистрі болып жазылып, ештеңе білмеген күнә» деген (Коменский, 1997). Ал жастарға білім беру жөнінде: «Жастарға білім беру дегеніміз, әр нәрсенің қоспасын айта беру емес, тақырыптың мағынасын қайнардың көзінен су шығып, жылғамен сылдырап аққандай, ағаштың бүршігінен жапырақ, гүл, жеміс өсіп жатқандай етіп ашу» деген (Коменский, 1997). Жоғары оқу орындарында білім алушы түрлі мамандық студенттері өз мамандығы бойынша білімді игерумен қатар, парасатты, жан-жақты, құзіретті, шетел тілін меңгерген тұлға болуы керек.

Ж.Ж. Руссо «Тәрбиенің ұлы құпиясы дене және рухани жаттығулар бір-біріне сүйеніш болып қызмет ететіндей етіп істі жолға қоя білу шеберлігі. Өзі оқып үйренген өз ақылымен еңбектенеді. Мұғалім білім берумен қатар, білімді алуға, қабылдауға үйретуі керек» дейді (Андриевская, 2007). Жоғары оқу орындарында студенттердің білім алуда, оны қабылдауда белсенді, шығармашыл болуы ұсынылған материалдың тартымдылығы, оқытушының қызметі мен студенттің пәнге қызығушылығын жоғалтып алмауында.

Ресейде ғылыми педагогиканың және халықтық мектептің негізін қалаған К.Д. Ушинский (Ушинский, 2002) өзінің «Адам тәрбиенің пәні ретінде. Педагогикалық антропология тәжірибесі» атты еңбегінде: «Егер педагогика адамды жан-жақты тәрбиелегісі келсе, онда ол, біріншіден, адамды жан-жақты білуі керек» дейді. К.Д. Ушинский әр адамды тәрбиелеуде жеке, тұтас индивид ретінде қарастыруды ұсынған. Студент педагогикалық үдерістің басты тұлғасы ретінде, оған белсенді танымдық әрекет мүмкіндігін шығармашылық, өздік жұмыс арқылы беру өз пікірі бар, тәуелсіз, интеллектуалдық әлеуеті зор тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Абай Құнанбайұлының «Қара сөздері» философиялық, этикалық, педагогикалық, психологиялық ой-пікірлерге толы. Абай жастарды ғылым-білімге талаптанып, еңбек етуге шақырды: «Түбінде баянды еңбек егін салған, жасынан оқу оқып, білім алған» дейді. 32, 38-қара сөздеріндегі Абай Құнанбайұлының философиялық пайымдаулары педагогиканың негізі. 32-қара сөзінде «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек. Оларды білмей, іздегенмен табылмас» деп, талаптың шарттары ретінде: білім-ғылымға құмарлық, ынтық болу; сонда бір рахат сезім-білімге махаббат пайда болады, одан кейін оны көңілге тоқу-мейірлену керек дейді. Ғылымды ақиқат мақсатпен үйрену; ғылым-білімді көбейтуге екі қару: пікір алысу мен сақтау керектігін, ақыл кеселі – салғырттықтан қашық болуды айтқан. Ғылым-білімді, ақылды адам бойына сақтайтын сауыт – мінез дейді. Мінездің беріктігі: « ... тұрам дегенінде тұрарлық, ақылды, арды сақтарлық беріктік, қайраты бар болсын» деген (Абай, 1986). Бұл – білім алуда адам рухының мықтылығы, ерік күшінің болуы.

Ю.К. Бабанский оқыту дегеніміз, оқытушы мен оқушының өзара әрекетінің мақсатты үдерісі, оның барысында білім жүзеге асады және тұлғаның тәрбиесі мен дамуына айрықша үлес қосылады дейді (Бабанский, 1998). Б.П. Есипов бойынша, оқыту – білім міндеттерін жүзеге асыруға қажетті ой және дене әрекеттері (Есипов, 1967). Ж.Б. Қоянбаевтың анықтамасы бойынша, оқыту жеке адамның білімін, танымдық және творчестволық қабілетін дамытудың маңызды құралы (Қоянбаев, 1992). Шет тілі сабақтарында студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда оқытушы маңызды рөл атқарады. Оның басты міндеті – өз сабақтарында тілдік, әлеуметтік-мәдени және лингвомәдени фактілерді едәуір дәрежеде қамту. Оқытушы өз мысалында мінез-құлық үлгілерін көрсетуі керек, сондай-ақ болжамды проблемалық жағдайда білім алушының мінез-құлқын анықтап, оларды парасаттылық пен мораль тұрғысынан негіздеп, қажет болған жағдайда осы мінез-құлықты түзетуі керек.

Оқытушы оқыту әдістемесін біліп қана қоймай, өз қызметін шет тілін оқыту процесінде рухани-адамгершілік тәрбиеге бағыттай білуі керек. Ол студенттермен қарым-қатынас жасай отырып, олар үшін билік бола отырып, оларға моральдық әсер етеді. Оқытушының жоғары мәдениет, адамгершілік, жауапкершілік, патриотизм, даналық сияқты қасиеттерге ие болуы маңызды. Студенттердің ұсынылған материалды қаншалықты қызығушылықпен оқитыны сабақтың қаншалықты жарқын, шығармашылық және танымдық құрылғанына байланысты (Арапова, 2009).

Шет тілінің құралдары арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудағы келесі маңызды фактор оның үлкен мәдени әлеуетке ие болуы болып табылады. Тіл ұлттық және әлеуметтік-мәдени бірегейліктің құралы ретінде қызмет етеді. Бұл әртүрлі әлеуметтік топтарды ажыратуға көмектеседі, сондықтан көптеген тілдік айырмашылықтар бар. Бірақ егер адамдар шынымен араласқысы келсе, бұл айырмашылықтар кедергі бол-

майды. Мәдениеттер диалогы аясында шет тілін оқыту мәдениетаралық салыстырмалы тәсілге негізделуі керек. Жақсы түсіну үшін зерттелетін тіл мен ана тілі елінің мәдениетінің ортақ белгілерін табуға тырысу керек. Студенттер әлемді басқалардың көзімен көруді үйренеді, өйткені басқа адам бірдей фактілерді, әрекеттерді, оқиғаларды мүлдем басқаша қабылдап, бағалай алады. Студенттерді басқа мәдениеттерді қабылдауға үйрету керек, осылайша зерттелетін тіл адамдар арасындағы қарым-қатынас пен түсіністік құралы болады. Толеранттылық студенттерге достарымен, ата-аналарымен, құрдастарымен және басқа мәдениеттермен ортақ тіл табуға көмектеседі. Толеранттылықты құндылық ретінде дамыту аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыста және виртуалды қарым-қатынаста білім беру процесі кезінде этикалық және толерантты мінез-құлық арқылы жүзеге асырылады. Толеранттылықтың дамуына салауатты оқу ортасы да ықпал етеді: аудиториядағы демократиялық және қолайлы атмосфера, объективті бағалау, оқытушы мен студенттердің өзара әрекеттесу этикасы, тең мүмкіндіктер, ортақ құндылықтар, дәстүрлер және университет қауымдастығына тиесілі. Білім алушылар бар әлемнің алуан түрлілігін көріп, әртүрлі болудан қорықпайтындай етіп оқу процесін құру қажет. Шынайы өмірде шет тілінде сөйлесу әрдайым мәдениетаралық өзара әрекеттесу болып табылады. Студенттерге шетелдік мәдениет туған ел мәдениеті жаман да, жақсы да емес екенін жеткізу керек, бұл жай ғана басқа және олар осы айырмашылықтарға төзімді болуы керек. Осылайша, студенттер басқалармен толерантты қарым-қатынасты, олардың әріптестерімен және оқытушысымен қарым-қатынаста эмпатия мен төзімділікті дамытады. Нәтижелі мәдениетаралық өзара іс-қимылдың негізі ретінде толеранттылықты дамыту процесі осындай тақырыптарды талқылау және мәдениетаралық және тұлғааралық өзара іс-қимылға ықпал ететін материалдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, студенттер мәдениетаралық төзімділікке ие болады, мәдени айырмашылықтарға оңай бейімделеді және мәдени әртүрліліктің жағымды жақтарын мойындайды.

Білім алушылардың білім беру қызметін ұйымдастырудың және құндылық бағдарларын қалыптастырудың нәтижелі әдісі студенттердің жеке тәжірибесіне жүгіну болып табылады: қоршаған шындықтағы мораль, дін, адамгершілік және азғындық мәселелеріне өз көзқарастарын талқылау. Мәселен, мысалы, “Appearance and character” тақырыбын және, атап айтқанда, адалдық сияқты мінез-құлықты зерттеу кезінде студенттер адал және адал емес мінез-құлық мысалдарын, Қазақстан мен ағылшынтілді елдердегі адалдық стандарттарындағы айырмашылықтарды, осы айырмашылықтардың пайда болу себептерін талқылайды. Сондай-ақ, студенттердің адалдықтың әртүрлі көріністеріне деген көзқарасы талданады, адал емес әрекеттердің ауқымы қалыптасады және т.б. студенттерден өз көзқарастарын, пікірлерін, әдепсіз әрекеттер туралы бағалау пікірін білдіру сұралады: басқа адамдардың хаттарын оқу, туыстарын алдау, басқалардың еңбегін заңсыз иемдену және т.б. адам өмірінің мақсаты мен құндылығының, мейірімділіктің, әділеттіліктің, жеке

қадір-қасиеттің философиялық мәселелері қозғалады. Жаңа құндылықтарға бағдарлау гуманистік білімнің мазмұнын қайта қарауды талап етеді, екпін пәндік білім мен дағдылар түріндегі түпкілікті өнімнің құндылықтарынан оларды алу процесінің құндылықтарына, студенттердің өзін-өзі дамыту тетіктеріне ауысады. Адам үнемі өзгеріп отыратын әлемде жүруге көмектесетін іс-әрекеттерді игеруі керек.

Оқыту әдісін таңдау көбінесе сабақ тақырыбына байланысты. Дегенмен, оқу бағдарламасының кез келген бөлімі адамның рухани және адамгершілік қасиеттеріне қатысты тақырыптарды талқылауға мүмкіндік береді деп айтуға болады. Шет тілін үйренуде талқылау кезінде көптеген өзекті мәселелер айтылады. Олардың ішінде толеранттылық, ұлттық мәдениет, заманауи отбасы, білім, қайырымдылық, жұмысқа, кәсіби өсуге байланысты проблемалар бар.

Студенттердің тілдік дағдыларын ғана емес, рухани құндылықтарын дамытудың тиімді әдісі – рөлдік ойын. Рөлдік ойын – бұл ұжымдық өзара әрекеттесудің бір түрі. Рөлдік ойын кезінде студенттер белгілі бір мінез-құлық үлгісінің орындылығын, қажеттілігін және тиімділігін талдауды үйренеді.

Құндылық тәрбиесінде шынайы материалдар маңызды рөл атқарады: шынайы мәтіндер, көркем шығармалар, әсіресе бейнефильмдер, өйткені олардың артықшылықтарының бірі студенттерге эмоционалды әсер ету болып табылады.

Студенттер сонымен қатар проблемалық жағдайларды модельдеуге және шешуге, викториналарға, кроссвордтар жасауға, хабарламалар мен баяндамалар жазуға, тарихи орындарға экскурсияларға қатыса алады, баспа материалдарымен жұмыс істей алады, «дөңгелек үстелдер» өткізе алады, жергілікті мұражайларға бара алады, олар өздері оқыған тілде кері байланыс береді.

Бүгінгі таңда студенттердің компьютерге деген құштарлығын ескере отырып, оқу-тәрбие процесінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану тиімді құрал бола алады. Білім берудегі заманауи ақпараттық технологиялар саласындағы зерттеушілер (Б.Ю. Щербаков, М.И. Станкин және т.б.) ақпараттық технологияларды қолдануды ең перспективалы бағыт ретінде қарастырады, өйткені ол «бастапқыда еркін, жеткілікті тәуелсіз және жауапты проективті-икемді оқытуға бағытталған» (Щербаков, 2001).

Сабақ барысында оқытушы мен студенттер сөйлеу серіктестері болуы керек. Мұғалімнің міндеті – студенттерді тақырыпты, мәселені талқылауға тарту, өздерін және сыныптастарын мұқият тыңдауға үйрету; мұғалім өзін табиғи ұстауы керек, қателерді анықтама түрінде түзетуі керек. Егер мұғалім осы мәселелердің барлығын сәтті шеше алса, әр сабақ рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырады. Шет тілінің білім беру және тәрбиелік әлеуеті оқыту әдістері мен формаларында жатыр. Шет тілі гуманистік дүниетанымды, толеранттылықты, бейбітшілікті қалыптастыруға үлкен мүмкіндік береді.

Осылайша, шет тілін үйрену рухани-адамгершілік мәдениетті арттырады, адамгершілік-эстетикалық дамуға ықпал етеді, тұлғаның рухани қалыптасуына әсер етеді. Сонымен қатар, оқытушының шет тілін оқытудағы өте жоғары

білім беру құндылығы оның кәсіби құзыреттілік деңгейімен, жеке тұлғаның жалпы мәдениетімен және студенттермен жақсы байланыс орнату қабілетімен анықталады. Шет тілін меңгеру процесі оның жоғары мәдени әлеуеті есебінен жеке дамудың қуатты тетігі ретінде қызмет етеді. Осы әлеуетті іске асыру үшін тиісті әдістерді қолдану қажет: рөлдік ойындар, ғылыми жобалар, ақпараттық-компьютерлік технологиялар, тақырыптық сабақтар және аутентикалық материалдар.

**Нәтижелер.** Оқыту барысында білім жүзеге асады, білім – қоғам мүшелерінің жоғары деңгейлі адамгершілік, интеллектуалды, мәдениет пен дене дамуына және кәсіптік құзіреттілікке қол жеткізуді мақсат ететін оқыту мен тәрбиенің үздіксіз үдерісі болып табылады. Білім – ғылыми білім жүйесін және танымдық дағдылар мен шеберліктерді меңгеру, оның негізінде тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру, шығармашылық әлеуеті мен қабілеттерін дамыту үдерісі және нәтижесі.

“Энциклопедиялық сөздікке” сүйенсек, білім «жүйелендірілген білім, іскерлік және дағдылардың жиынтығы; адамды өмірге және еңбекке даярлайтын қажетті шарт. Білім алудың негізгі жолы – тәрбиемен тығыз байланыстағы оқу мекемесінде оқыту» (Прохоров, 1980).

Психологиялық сөздікте «білім» термині ағарту, яғни, индивидтің жоғары мәдениет деңгейі, рухани дамуы ғана емес, сонымен қатар мамандық алып шығуын білдіреді. «... қоршаған дүние, өзі жайлы оқушы білім ала отырып, бұл шындыққа оның қатынасын реттейтін шешім қабылдау қабілетіне ие болады; моральдық, әлеуметтік, эстетикалық құндылықтарды сезінеді; сондықтан оқыту білім, шеберліктер мен дағдыларды қалыптастырып қана қоймайды, сонымен қатар қабілеттер, қызығушылықтардың дамуына, моральдық дүниетанымның қалыптасуына ықпал етеді» » (Зинченко, 1999). Олай болса, оқыту мен білім өзара байланыстағы ұғымдар болып табылады.

Оқыту, әлеуметтік үдеріс ретінде адамның дамуына зор үлес қосады. Л.С. Выготский бойынша, даму дегеніміз, бұрынғы сатыларда болмаған жаңаның үнемі пайда болуы және қалыптасуы арқылы өзін-өзі қозғалысқа түсіруші үздіксіз процесс. Адамның ой-еңбегі дамуының екі кезеңі болады: өзекті даму деңгейі (өздік жұмыс арқылы интеллектік дамудың қол жеткен деңгейі) және оқушының жақын арада дамуының аумағын анықтайтын деңгей (интеллектуалдық мүмкіндіктерінің аумағындағы міндеттерді шешу деңгейі). Оқушының дамуының маңызды көрсеткіші рефлексия, яғни, оның өз әрекеттерін, өз-өзін, өзінің «МЕН» дегенін саналы түрде ұғынуы. Даму оқытудың мүмкіндіктерін кеңейтеді, ал дамудың алдында жүріп отыратын оқыту адамның жалпы дамуына жол ашады. Оқыту барысында оқушының мотивациялық-эмоционалдық сипаты қалыптасады (Выготский, 1982).

Оқыту барысында адамның рухани дүниесі – оның қоршаған шындыққа дүниетанымы, адамгершілік-эстетикалық, мотивациялық қатынасы қалыптасады, дамиды. Білімді игеріп, оны өмірдің жаңа жағдайларына бейімделу үшін қолдану – оқытудың негізгі мәні және мақсаты. Оқыту – бір уақытта және

өзара қатынаста өтіп жататын үдерістердің бірі (білім, тәрбие, даму). Сонымен қатар, оқыту оқушының тұлғасын қалыптастыруға ықпал ете отырып, оның дүниетанымын да қалыптастырады, білімге қажеттіліктерін өтейді (Подласый, 1999).

Студенттердің тілді саналы меңгеруі және шетел тіліне мотивациясын тудыру үшін ғалымдар тілді оқытудың үш деңгейін анықтаған: ситуациялық деңгей, студенттің тілдік деңгейі және студенттің (танымдық) деңгейі. Студенттің тілдік деңгейі оның бастапқы білім деңгейі мен пәнге көзқарасы арқылы анықталады. Студенттің (танымдық) деңгейі оның танымдық үдерісте көрінетін жеке қасиеттері арқылы, өзінің күшіне, қабілетіне сенімділігі арқылы байқалады. Ситуациялық деңгей мотивациялық аспектілерді қамтиды: қызығушылық, қажеттіліктеріне сәйкестік, сәттілікті күту, нәтижелерге қанағаттану т.б. З. Дорнейдің айтуынша аталған үш деңгейдің әсері бір-біріне тәуелді емес, өйткені әр деңгейдің мотивтері белсенді.

Үш деңгей шетел тілін оқытудың негізгі компоненттеріне сәйкес келеді дейді: тілді меңгеруші адам (мотивация), меңгерілетін шетел тілі (тілдік білім) және шетел тілін меңгеру жағдайлары (ақыл-ой әрекеттерін) және тілді өз бетінше қолдану шеберліктері (өзін-өзі ұйымдастыру) .

Тұлғаның кәсіптік даярлығын қалыптастыру үдерісі оның болашақ мамандығын таңдаған сәтінен, яғни студенттің жоғары оқу орнына түскен күнінен басталады. Сондықтан, жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытуда студенттердің кәсіптік даярлығын қалыптастыруды ұйымдастыруда студенттердің жас ерекшеліктерін ескеру қажет.

Интегралды жас ерекшеліктері кезеңдерінен өтуде адамның тек психикалық функциялары (ойлау, қабылдау, ес, зейін) ғана емес, сондай-ақ олардың арақатынасы мен құрылымы да өзгереді. Әрбір жас кезеңінде бұл функциялардың тиімді даму кезеңі болады. «Студенттік шақ білімдер мен кәсіби іскерліктерді мақсатты, жүйелі игеруші, табанды оқу еңбегімен айналысатын адамдарды қамтиды. Әлеуметтік топ ретінде кәсіптік бағыттылығымен, болашақ мамандыққа тұрақты қатынастың қалыптасқандығымен сипатталады».

**Талқылау.** Студенттік шақты әсіресе, ойлау-сөйлеу функцияларының белсенді дамитын және мамандыққа байланысты арнайы қабілеттері қалыптасатын нағыз кезеңі деп есептеген. 17-23 жас аралығындағы жастар ерте кемелді жастағы ересектер. Бұл жаста студенттердің ой қабілеттері толық қалыптасқан, ой әрекеті тұрақтана және тиімді бола түседі. Студенттік шақта вербалды-логикалық тапсырмаларды орындауда зейіннің аударылу жылдамдығы және естің белсенділігі артады.

Жоғарыда аталған жас аралығында ой әрекеті тұрақты және тиімді, студенттердің күрделі ой операцияларын (талдау, синтез, салыстыру, қорыту, нақтылау т.б.) толық меңгергендігі зерттеулер арқылы анықталған. Студенттік шақта естің, зейін мен көрудің дамуының тағы бір ерекшелігі оның мамандануы, ол дегеніміз студенттің болашақ мамандығына байланысты әрекеттерге қызығушылықтың пайда болуы.

Көптеген байқаулар көрсеткендей, жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытуда студенттердің кәсіптік даярлығын қалыптастыру мотивтер, қажеттіліктер мен қызығушылықтарсыз тиімді болмайды. Мотивтер, қажеттіліктер мен қызығушылықтар мотивацияның құрылымдық компоненттері ретінде қарастырылады.

